



*1 желтоқсан - Қазақстан  
Республикасының Тұңғыш Президенті күні!*

*1 декабрь - День Первого Президента  
Республики Казахстан!*



Балалар университеті -  
болашаққа бастар жол!

8



Теологтар кеңесі

12



Спартакиада күнделігінен

16



## Оқу ордамыздың құрметті қонағы

**«Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Мұхтар Құл-Мұхаммед Атырау облысына іс-сапары барысында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар құрамы және студенттерімен кездесті.**

Арнайы ұйымдастырылған кездесуге Атырау облысы әкімі Нұрлан Ноғаев қатынасты. Мұхтар Құл-Мұхаммед көпшілік алдындағы өз сөзінде университетіміз туралы жағымды пікірін білдіріп, Алаш қайраткерлерінің асыл идеялары мен еркіндік жолындағы сіңірген еңбегі туралы айтып берді. Осы шарада бірнеше талантты жас

азаматтар «Нұр Отан» партиясының қатарына қабылданып, оларға партиялық билеттері салтанатты түрде табысталды.

**Малика Такежанова,**  
журналистика мамандығының  
2-курс студенті



## Университет тәжірбесі оң бағаланды

**Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары ректорлар Кеңесінің отырысы өтті.**

Мәжіліске ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі департаменті директорының орынбасары Ғалымбек Сералин, Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев және еліміздегі жоғары оқу орындарының 20-дан астам ректорлары мен проректорлары қатысты.

Еліміздің жоғары оқу орындарының ректорлары Кеңесінің төрағасы Ерлан Сыдықов жиынды жүргізіп отырды.

«Елбасымыз қоғамның ең белсенді бөлігі – жастарға білім беру жүйесіне ерекше көңіл бөледі. Мемлекеттің қалыпты дамуы үшін жастардың тек білімі ғана емес, дүниетанымы да бай болуы өте маңызды. Бұл кезектегі стратегиялық мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруда жоғары оқу орындарының жұмысы маңызды рөл атқарады. Биылғы жылы облыстық бюджеттен 222 студентке білім беру гранты бөлінді. Олардың 178-і педагогикалық мамандықтар, 35-і медицина саласы және 9-ы ветеринарлар. Сондай-ақ, жас мамандарды тұрғын үймен қамтамасыз етуді жергілікті билік жауапкершілігіне алып, осындай әдістермен 5 жылда облысымыздағы кадрлар жетіспеушілігі мәселесін шешуді жоспарлаудамыз» – деді Н.Ноғаев.

Атырау мемлекеттік университетінің ректоры Абзал Талтенов университеттегі жүзеге асып жатырған студенттерге кәсіпкерлік

мәдениетті қалыптастыру үшін «ISPACE» коворкинг орталығы, екі компоненттен тұратын ағылшын тілін үйренуге арналған «English Only Space», күн сәулесінен қуат алатын күрке (беседка) жүйесі және балаларға арналған «Kids University» тәрізді жаңа жобалармен таныстырды.

Г.Сералин өз баяндамасында экономиканың жаңа үлгісі аясында білікті кадрларды дайындау, Орталық Азияда білім беру хабын дамыту мен ғылымды жаңғырту жобаларын іске асыру туралы атап өтті. Білім саласы бойынша жаңа буынның жобаларын жүзеге асыру сынды өзекті мәселелер талқыланды.

Жиын соңында Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары ректорлары кеңесінің 2018 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді.

Айта кетейік, ректорлар Кеңесі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді дамыту мәселелері бойынша ЖОО-ның қызметін үйлестіру, оқу процесін, ғылыми жұмысты жетілдіру, елімізді білікті мамандармен қамтамасыз ету мақсатында 2015 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі бұйрығымен отандық ғылымды дамыту бойынша ЖОО арасында қарым-қатынастың нығаюы үшін құрылды.

**Алтынай Сәлімгерейқызы,**  
медиа-қызмет  
орталығының тілшісі



## Тарихшы тағылымы

Университетімізде танымал тарихшы, профессор Бейімбет Ирмухановпен кездесу өтті. Кеңес залында өткен бұл кездесуге тарих мамандығының студенттері мен профессор-оқытушылар құрамы қатынасқан болатын.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын негізге ала отырып өткен бұл бас қосуды университеттің ғылым жөніндегі проректоры Идрисов Саламат Нұрмұханұлы алғы сөзімен ашты. Келесі кезекте сөз алған тарихшы, ғалым Бейімбет Ирмуханов мырза өз өмірінен сыр шерте отырып, тарихшы студенттерге бірнеше ақыл-кеңесінде беріп отырды. Қонақ кәде ретінде өзімен бірге ала келген кітаптарын

университет мұражайына естелік ретінде қалдырды.

А.Сарсенов, А.Шамғонов, Г.Қайырғалиева, А.Ермағамбетова сынды профессор-оқытушыларда өз ой-пікірлерімен бөліскен болатын.

Кездесу соңы сұрақ-жауаппен өрбіген бұл жиында, студенттер тарихшы ғалыммен бірге естелік суретке түсіп қызықты кездесуден мол әсер алып тарқаған еді.

Арай НАРЕШОВА

### Пікір

## BOLAS'AQ – LATYN A'LIPBI'INDE

Latyn a'lipbi'ne ko's'y – bolas'aqqa batyl qadam jasap, elimizdi to'rtku'l du'ni'ege tanytyp, sonymen birge elimizdin' keles'ektegi g'igiligi u's'in jasalg'an g'ylymi man'yzdy s'es'im.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы 2017 жылдың 26 қазанында қазақ тілінің латын графикасына көшу туралы жарлыққа қол қойды:

«Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық. 2025 жылға қарай іс-қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрінде латын әліпбиімен басып шығаруға тиіспіз. Ол кезеңде таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек. Біз осынау ауқымды жұмысты бастауға қажетті дайындық жұмыстарына

қазірден кірісеміз» – деп, сөйледі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында.

Бұл мақсатта латын әліпбиіне бірден қосыла кету үлкен шыдамдылықты, сабырлықты қажет етеді. Алдымен, төл әріптермен қатар апостраф белгілерін нақты қай жерде орналастыру басты назарда. Егер апостраф белгілері дұрыс қойылмаған жағдайда жазылған сөздердің мәніде жоғалып кетуі ықтимал. Сондықтан латын әліпбиіне аса мән бергеніміз абзал дер едім. Қиындықсыз жеңіске жету жоқ, бастысы, болашақта латын әліпбиінің маңызы зор болары анық.

Arailym Nareshova

## Ибн-Баттута саяхаты жаңғырған күн

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласына орай «Ибн Баттутаның Ұлы Жібек жолымен саяхаты: мәдениеттер арасындағы диалогты алға бастыру» деген тақырыпта халықаралық ғылыми-практикалық конференция болып өтті.

Конференция алғы сөзін Атырау облысы әкімінің орынбасары Әлібек Нәутиев ашты.

Батыс өңіріндегі Сарайшық қазба жұмыстары ежелгі тарихымызды кеңінен зерттеп, кейінгі ұрпаққа бағыт-бағдар беріп, тереңірек тануға үлкен мүмкіндік бермек. Осы мақсатта бүгінгі өтіп жатырған конференцияның маңызы өте зор екенін айтқан болатын.

Конференцияның пленарлық мәжілісін т.ғ.д., профессор Зейнолла Самашев жүргізіп отырды. Саясаттанушы, тарихшы, ғалым, «Қасиетті Қазақстан» экспедициясының жетекшісі Берік Әбдіғалиев, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры Әбілсейіт Мұқтар «Ибн Баттута: әлемдік саяхат және Дешті

Қыпшақ даласы», т.ғ.д., профессор Бейімбет Ирмуханов «Ибн Баттута еңбектері ортағасырлық Қазақстан тарихындағы құнды жәдігер», Анкара университетінің профессоры, т.ғ.д. Абдулла Гундогдай, Әзірбайжан Ұлттық академиясының Археология және этнография институтының аға ғылыми қызметкері, т.ғ.к. Исмайладе Пирага Эйюб Оғлы сынды майталман тарихшылардың баяндамаларын тыңдай отырып рухани жаңғыру аясында Ибн Баттутаның Жібек жолымен саяхаты туралы бұл конференцияның өскелең ұрпаққа берер тағылымы мол екенін аңғардық.

«Сарайшық қаласының зерттелуі, сақтау және дамытудың өзекті мәселелері», «Ка-

## ЛАТЫН ҚАРПІНЕ КӨШУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Журналистика» мамандығы студенттерінің арасында «Латын қарпіне көшу – заман талабы» атты дөңгелек үстел өтті.



«Журналистика» кафедрасының меңгерушісі Мәншүк Тынышқалиқызының ұйымдастыруымен өткен бұл шараға студенттер белсене қатысып, өз ойларын ашық білдірді.

Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласын талдай отырып, журналистика мамандығының 2 курс студенті Жарқынай Қанатова қоғамда өзекті мәселеге айналған латын қарпімен тарихымыздың байланысының тереңде жатқанын тілге тиек етті. Ал, студент Назым Жолдасова жаңа әліпбиге көшу – мемлекеттің рухани мәдени жаңғыруындағы аса

маңызды кезеңі болып табылатынын ерекше атап өтті.

Журналистика мамандығының 3 курс студенті Әнел Маратова латын қарпінің шығу тарихымен жан-жақты таныстырып, оны қолданудың үш түрлі себебін келтірді. Сол секілді Мерей Кенжеғали, Ақниет Сарбаспай, Әсем Жолдыбаева латын қарпіне көшу жобасына бей-жай қарамайтындықтарын, болашақ жас журналистер екендіктерін танытып қолдау білдірді.

Назым ЖОЛДАСОВА,  
журналистика мамандығының  
2 курс студенті



спий өңіріндегі көшпенділердің және қала мәдениетінің дамуы», «Тарихи орындарды насихаттаудағы музейлердің ролі» атты тақырыптарда секциялар

құрылып, баяндамалар оқылған болатын.

Арайлым ЖАҢБЫРБАЙҚЫЗЫ,  
медиа-қызмет маманы

## ЖАСТАРДЫ ЖІГЕРЛЕНДІРЕР ТУЫНДЫЛАР

Академик жазушы Зейнолла Қабдоловтың жариялана бастағанына жарты ғасырдан асқан туындылары «ҰШҚЫН» және «ЖАЛЫН» романдары жаңарып қайта дүниеге келгендей болып, ХХІ ғасырдың, жаңа ғасырдың басынан бері үріп ауызға салғандай мөлдір күйінде баяғыша жанымызды аялай бірнеше рет баспадан шықты. Ендеше, халқымыздың ерекше сүйіп оқитын туындыларының қатарынан орын алып келген шығармалар туралы әңгімемізді байырғы және жас оқырмандарымыздың назарына ұсына бермекпіз.

Зейнекең «Өмір ұшқыны» повесі дүниеге келгенде жас жігіт болатын. Жас болса да шағын жанр машығын бастан кешірмей, бірден повесть-роман жауапкершілігін қайыспай көтерген қаламгер батылдығынан өзіндік бір заңдылықтарды аңғаруға болатын тәрізді. Ол ұлы ұстаздарының сөз өнеріндегі ғажайып тәжірибе мектебінен өтіп, іштей дайындықпен бес қаруын бойына асынып, қалам азабына бас тіккен еді. Оның үстіне, қолға алған тақырыбы өзіне бес саусағындай белгілі жай-тұғын. Жазушы, ең алдымен, өзінің жақсы білетін өмір шыңдығын ақыл таразысынан өткізген.

«Әрбір қалам иесінің творчествосына темірқазық болып отырған туған жер ана дидарындай ыстық. Зейнолла да өзінің творчествосына өзек болар өмір шыңдығын өзге жақтан емес, тек туған жердің топырағынан іздеп тапқан», - дейді жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов.

Туған жер дегенде, «өзінің бауыр басқан тақырыбы мұнай өндірісі, мұнайшы өмірі бәрінен бұрын Зейнолланың бала кезден қанына сіңген, ауадай сімірген тыныс-тіршілігі. Сәби кезінен көргені-мұнайшы, мұнай мұнарасы, тұзды топыраққа томырылған жер нәрі – мұнай. Міне, бұл жазушының қолына қалам алдырмай қоймады.

Ғасыр басында ағылшын капиталистері Ембіге кеп мұнай өндіре бастаған кезден-ақ халқымыз оның қоғам өмірінде алатын орнын, баға жетпес қасиетін білген. Ұлы Отан соғысында фашистермен шайқаста жеңіске жетуіміздің бірден-бір кепілі-мұнай болғандығы даусыз. Ембі мұнайы – «Қара алтын» даңқы әлемге әйгіленіп, алғашқы мұнайшылар, нағыз маман мұнайшы-жұмысшылар қалыптасты. Отызыншы-елуінші жылдары жергілікті ұлт өкілдерінен барлаушылармен бұрғышылар қатары толықты. Мұнай Ембі өңірі тұрғындарының тіршілік көзіне айналғандықтан, мұнайшылық атадан-балаға кәсіби мұра боп жалғасын тапты, мұнайшылар әулеттері пайда болды.

Жер астынан тіршілік нәрін тарту, оны халық игілігіне айналдыру – қырсыры қалың романтика. «Ұшқын» романының басты тақырыбы – мұнай өндірісіндегі адамдар қарым-қатынасы, болашақ мұнайшы мамандығын алу үшін күрес жолын өткерген студент жастар өмірі, ғылым мен тәжірибе ұштастығы, шынайы махаббат, достық, адамгершілік, парасат несібесі, ұстаз бен шәкірт, ата-ана мен ұрпақ сыйластығы, сүйіспеншілігі... Шығармадағы кейіпкерлер қатынасы арқылы ашылатын бұл субелі тақырыптардан терең тіршілік идеялары туындап, жазушының негізгі ой өзегіне қада қазық арқау болған.

Қаламгер өндіріс тақырыбын қозғай отырып, оның арғы тарихына да үңілмейді. Бұл өңірде мұнай қалай өндіріле бастағаны әңгіме

арасында айтылады да, негізінен, соғыстан кейінгі уақыт қамтылады. Біз мұны «Ұшқын» романының бас кейіпкері Тайманның әкесінің тағдыр жолынан байқаймыз. Ол тек жұмысшы ғана. Шығарма емеурініне қарағанда елде жұмысшы қолы жеткілікті де, ал ұлттық инженер кадрлары әлі тапшы. Роман көтеріп отырған мәселе осы жетіспеушілікті



толықтыру бағытында ойландыру. Өз топырағымызда тұнып, жер қойнында әлі ашылмай жатқан құпияны игілікке жарату жастардың үлесіне тиюі керек. Олардың қатары көбейгені дұрыс. Сонымен бірге, мамандыққа жолдама беріп жатқан оқу орындары өз ой шарбағында тұмшаланып қалмай, өндіріспен қоян-қолтық сабақтастықты жүзеге асыруы шарт.

Ғылым мен тәжірибенің шын мәнісіндегі тығыз байланысы осыдан туады. Ондай бауырластық болмай-ынша ғылымның өмірден алшақтығы көп қателіктерге ұрындырады хақ. Университет геология факультетінің студенттері мұнай өндірудің екінші әдісі тәжірибеде бар екендігін білмейтіндігі аңғарылады. Бұл ғылымның жаңалықтардан шеттеу дерегі ретінде келтіріліп, өмірде кездесіп тұратын мұндай жайларды автор көкейтесті проблемалардың бірі тұрғысында көтерген.

Шығармада студент-жастар өмірі, олардың тұрмыс-тіршілігі, білім жолындағы қилы қиыншылықтары мен ізденісі бейнеленген. Жазушы білім-ғылым жеңіл-желпілікті, сыбай-салтаңдықты, салдыр-салақтықты көтермейтіндігін шынайы көркем эпизодтармен қадап көрсетеді, қомақты шырғалаң қақтығыстар арқылы мамандық алу талпынысымен қабат жастардың жалпы азамат ретінде қалыптасу ерекшеліктерін қызықты жеткізген. Күні кеше ғана қаң майданды ба-



сынан кешірген ел жастарының тіршілікке, бейбіт еңбекке ықылас құштарлығы зор еді. Олардың кейбірі от ортасынан оралғандар, біразы майдан ауыртпалығын тылда жүріп те мойнымен көтеріп, жанымен түйсінгендер. Сондықтан да оларға бейбіт өмір мейлінше қымбат, ел үшін маман болу, еңбек ету бақыт. Сондықтан да олар әділетсіздікке, салбөкселікке, жағымпаздыққа, мәдениетсіздікке қарсы майдан ашады, кемшілікті бетке ашық айтудан тайсалмайды.

Романда қилы хикаялы қарым-қатынастармен үдете қызықтырып отыратын кейіпкерлер легі баршылық. «Ұшқын» романының әр кейіпкері бізге таныс, әрі бейтаныс. Таныс болатыны – олар өмірде жиі кездесіп жүретін типтілігі, бейтаныс болатыны – әрқайсысы өзіне тән мінез-құлқымен барынша айшықталған дара тұлғалар. Шығарма сюжетімен өз орнын ойып тұрып алған Тайманның әкесі – Дәурен, анасы – Айжан, Дәуреннің жұмыстасы, ел адамы – Науша, университет ұстаздары – Сапаров, Арманов, Мусин, аспирант Айбар, студенттер: Тайман, Саша, Жабас, Алмаз, Арынгазы, Қабен, қыздар – Зәуре, Нәдия... бәрі де тип. Бәрі де – өмірде бар адамдар, жинақталған бейнелер және бір-біріне ұқсамайтын мінездермен көрінеді, демек, әрқайсысы мейлінше дараланған. Осынау кейіпкерлер тобынан, әрине, Дәурен, Науша, Тайман, Қабендерді ерекше атаған жөн. Бұлар жазушы ашқан, бұрын қазақ әдебиетінде болмаған жаңа бейнелер типі. Олар – қазақ әдебиетіндегі байырғы кейіпкерлер галереясын толықтыратын жаңа бейнелер.

З.Қабдолов дилогиясының екінші кітабы – «Жалын» романы. Шығарма аттарында логикалық байланыс барын оқырман бірден байқайды. «Ұшқын» және «Жалын». От жалыны ұшқыннан қаулайды. Екі сөзде де астар бар. Үлкен еңбек жолындағы албырт жастық ұшқыны, талап-талпыныс, мамандық меңгергеннен кейінгі қайнаған еңбек, сол жалындап жану, қандай қиындыққа да төтеп беру, жанартаудай атылу... Жазушының Н.Хикметтен өз аудармасындағы:

Мен жазбасам лапылдап,  
Сен жанбасаң лапылдап,  
Біз жанбасақ лапылдап,  
Аспан қалай ашылмақ,  
дейтін өлең жолдары романға эпиграф болып алынуы тегін емес.

Бір кезде «Ұшқынның» жалғасын асыға күтіп жүрген оқушы қауым

бірден оны жабыла оқығаны белгілі. Жаңа шығарманы мұнайшылар тіршілігі терең бейнеленген туынды деп халық тамсана табынды. Қабен, Сардар, Ізбек, Азамат сияқты кейіпкерлерінің ерлік істеріне сүйсінді де, шығарманы тыңдырылған үлкен бір ырыздыққа балап мақтаныш етті. Сыншылар бұл романды қазақ жазушыларының үздік туындыларының қатарында атап, марапаттап жатты. Қазақстанның мұнай еңбеккерлері туралы жаңа кітап зерттеушілердің әлсін-әлі қайтып оралып тамашалайтын сөз маржандарының біріне айналды. Мұнайшылар өмірін бейнелейтін шынайы шығарма ретінде бағаланды. Әдебиетте нық орын алып, орыс тіліне аударылды. Одан шетел әдебиетшілері іліп әкетіп, өзге тілдерде сөйлеп, бейтаныс ел азаматтарын тәрбиелеуге кірісті.

Әркімді заман сүйремең, Заманды қай жан билемең, - деп данышпан Абай біліп айтқан ғой, сексенінші жылдардың аяқ кезінде «болашақ коммунизм құрушылар» қоғамында түбегейлі өзгеріс болды. «Қайта құру» сапырылысынан кейін Қазақ елі егемендік алып, тәуелсіздік туын тікті. Байырғы армани, қияли ұғымдар ертегілік күйінде қалды.

Осындай ұғым-таным төңкерістері әдебиетшілерге де қатты әсер етті. Коммунистік идеал дақпыртымен жазылған шығармалар туралы әрқилы ойлар туындады. Оларды қайтпек керек? «Қайта қарау керек» деген ұсыныстар жасалғаны бар.

«Бұрынғы жазылғандардан бас тартып, жаңа әдебиет жасалуы тиіс» деген де пікірлер айтылды. Әйтеуір не керек, жазушылар арасында біршама кереғар көзқарастар уақыт тезінен өтуіне тура келеді. Талай шығармалар тағдыры қыл үстінде тұрғандай осындай бір шақта, жұрт байқаған да болар, З.Қабдоловтың «Ұшқын», «Жалын» романдары орныққан тұғырынан еш мызғымалы. Қандай ма күшті күдіктерге де қасқая қарсы тұра алды. Неге? Себебі, жазушы романдарында «коммунизм мұраты» жолында жанын пида етуге дайын әсіре белсенді бір де бір комсомол не коммунист бейнесі жасалған жоқ еді. Халық игілігі үшін еңбек етіп жүргендер аузында «Компартия жасасын!» деген ұран да болмаған. Бұдан 40 жылдан астам бұрын жарық көрген бұл дүниелер ине-жіптен жаңа ғана шыққандай. Құдды, қаламгер осы жүрек перзенттерін жазған кезінде қоғамдық «асқаралы» идеяларды қаперіне де ілмеген секілді.

Данышпан өзінен ілгері жарты ғасыр өмір шындығын болжай біледі деген топшылау бар ғой. Зейнолла Қабдолов болжағыш қаламгер ретінде келешекке көз жіберіп алғандай, туар күндер шындығын қиял көзімен шолып қойғандай.

Өткен жолды қайта қарау адамның өзін-өзі сын көзімен қолға алып, тезге салуы деген секілді осы күндері жүзеге асып жатқан психологиялық төңкерістер бұл романда баяғыда ақ бейнелегеніне таңғаласыз. «Жалын» романындағы басты кейіпкерлер (Қабен, Сардар) ешкімнің үгіттеуінсіз, ешкімнің күштеуінсіз-ақ, өз жүрек қалаулары мен адамшылық ар жетегінде жүріп атқарған ғасырлық істерге тәтті боласыз. Шығарма қолға тиген кезде тұшына да қызыға оқып, кейін қайта оралмаған, «Жалынмен» танысқанбыз деген оқырмандарға тағы да қайталап бір тереңірек үңілуді кеңес етер едік те, әлі оқып үлгермеген жастарды жата-жастана оқуға шақырар едік. Сонда оның өміршеңдігін әркімде байқар еді. Туынды бар болмысымен қазіргі заман тамырының соғысын дәл басқандай. Дүниені дүрліктіріп жатқан Теңіз мұнай кенішінің пайда болуы өзінен ширек ғасыр бұрын дүниеге келген «Жалын» романындағы оқиғаны аудармай қайталайды. Өртке дейін ұқсас. Бұл – таңғаларлық нәрсе.

«Өнер өмір шындығынан туады»

*«Әрбір қалам иесінің творчествосына темірқазық болып отырған туған жер туған ана дударындай ыстық... Зейнолла да өзінің отыз жылдан астам творчествосына өзек болар өмір шындығын өзге жақтап емес, туған жердің топырағынан іздеп таңған».*

Ә.Нурпейісов

*«Зейнолла Қабдолов тіліне келеек, ол – арнайы сөз етердей тақырып. Оның тілі майдан қыл суырғандай сондай жатық. Тіл нәзіктігіне келгенде «Қазақтың Тұрғенби» дееем, артық емес».*

С.Маймерденов

*«Зейнолла әдебиет есігін сарт-сұрт еткізбей, ошаа сызырлатпай, өркен әдеппен, өрнек мінезбен, жұрнақ лебізбен ашты. Әкелгені де көлемді емес, кішігірім повесть, оның да аты айқай шығарып тұрған жоқ, тек қана «Өмір ризығы».*

Э.Омаров

деген тұжырым белгілі. Ал, романдағы бейнеленген шындыққа қарап, «өнерден өмір туғандығынын» куәгері болып отырмыз. Өнер, яғни көркем шығарма өзінен кейін келер өмірдің өзін өрнектеп тастаған. Бұл сөз жоқ, шығарманың өміршеңдігі еді. «Ұшқын» мен «Жалын» мақтауды қажет етпейді. Құр мақтау арқылы көрініп жүрген де шығарма емес. Бұл – өз болмысымен ұзақ жылдар бойы өзеннің тереңіндегі ағысындай

өмір ағымымен бірге келе жатқан шығарма.

Қос роман бүкіл Атырау, Маңғыстау мұнайшыларының әрі мен нәріне айналған. Қазақ жастары, яғни мұнайшылардың лек-лек, толқын-толқын, белес-белес, қабат-қабат, ерлік күші осы шығармаларға қарап бой түзеп, ой ұластырды, қиыншылықпен күресті.

Ғасырлық туынды, міне осындай болмақ. Туғанына биыл 90 жыл то-

лып отырған, Қазақстан мұнайының жыршысы Зейнолла Қабдоловтың нұрлы қаламының мұндай мол сәулесіне болашақта да кенеле беруге жазсын!

Қадыр ЖҮСП, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

## СҰЛУ СӨЗДІҢ САРДАРЫ

**Академик жазушы Зейнолла Қабдоловтың туғанына 90 жыл толуына орай «Естен кетпес сұлу сөздің Сардары» тақырыбымен «Қазақстан Жазушылар Одағы» қоғамдық бірлестігінің Атырау филиалы және Атырау облыстық білім беру басқармасы, Мақат аудандық білім беру бөлімімен бірлескен тағылымды іс-шара Мақат ауданында өтті.**

Шара «Табалдырықтан биік тау жоқ» дегендей, Қазақстанның халық жазушысы, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, әдебиет қайраткері З.Қабдолов білім алған Доссор кентіндегі Абай атындағы қазақ орта мектебінде ұйымдастырылды.

Аталмыш кешке есімі елге таныс зиялы қауым өкілдері халықаралық Зейнолла Қабдолов атындағы сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның құрметті журналисі, «Қазақстан Жазушылар Одағы» қоғамдық бірлестігінің Атырау филиалының директоры Жылқышиев Қойшығұл, «Халықаралық Зейнолла Қабдолов қорының» президенті, профессор, ақын Бекет Қарашин, облыстық білім беру басқармасы басшысының орынбасары Злиха Дүйсененова, көрнекті ғалым Зейнолла Қабдоловтың туған немересі Санжар Қабдолов арнайы келді.

Шара жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы дайындалған бейнефильмді тамашалаумен басталды. Доссор балалар өнер мектебінің «Шалқыма» ансамблі фильм аяқталысымен әсем туындыны әуелетіп, көрерменін сахнаға ынтықтыра түсті.

Жазушының көзін көрген, білімімен сусындаған Қойшығұл Әмірұлы бұл шараны өткізуге облыс әкімі Нұрлан Ноғаявтың өзі қолдау танытқандығын айтты. Жазушыға арналған шараны әуелі өзі оқыған мектептен бастау алуының да өз жөні бар. Елге танымал тұлғаны тәрбиелеуде, білім алуында Мақаттың, Доссордың ұстаздар қауымы өз соқпағын салғандығынан деп топшылайтын шараны ұйымдастырушылар Зейнолла жүрген жерлермен жүріп өтіп, ауасының тұнығынан дем алуды

өздерінің азаматтық борышы санайды.

Осы жылдың желтоқсан айында туған жері Қызылқоғанда, Тайсойғанында болуды жоспарлаған шығармашылық топ еңбек еткен Х.Досмұхамедов атындағы университетте конференция өткізіп, қортындылағалы отыр.

Бекет Қарашин қордың атқарып жатырған жұмыстарымен бөлісіп, өзі аударған Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңінің орысша нұсқасын оқып берді. Көркем сөзін ел таныған майталман шебердің қазақ әдебиетін өркендетуге, жас таланттарды тәрбиелеуге қосқан үлесі ұшан-теңіз. Шара барысында жазушының қаламынан туған, әдебиетіміздің алтын қорынан орын алар туындыларды оқушылар сахналап та берді.

Абай орта мектебінің 9-сынып оқушысы Жасұланқызы Ұлпан «Ұшқын» романынан үзінді оқыса, мектептің «Қаракөз» драма үйірмесінің оқушылары «Сөнбейтін оқ» драмасынан үзінді көрсетті. Музыка пәні мұғалімі Бағытжамал Қонарова жазушының сөзіне жазылған «Жайық қызы» әнін, мектеп психологі Айсұлу Масқарова «Текті аға өтті өмірден» өлеңін орындады. С.Шарипов мектеп-интернатының 8-сынып оқушысы Жайна Аманжанқызы «Ұстаз» шығармасынан үзінді оқыды.

Кеш соңы Абай орта мектебінің 8-сынып оқушысы Отаубай Айбаттың орындауындағы «Туған жер» әнімен аяқталды.

«Жақсының аты өлмейді» дегендей, Зейнолла ағамыздың қазақ әдебиетінде орыны бар еңбектері – бүгін де, ертең де, ескірмейтін, көнермейтін асыл қазына. Қазақ қауымының рухани өмірінде азаматтық пен кісіліктің, кішілік



пен зиялылықтың орасан үлгісі бола білген осынау аяулы тұлғаның ардақты бейнесі жүректерде мәңгі сақталары сөзсіз.

Әдебиет зерттеушісі, ұстаз, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақ және Қырғыз Республикаларының еңбек сіңірген ғылым қайраткері Зейнолла Қабдоловқа арналған Бәйгітөбе мектеп-балабақшасындағы шара қонақтардың білім ошағын аралап, танысумен басталды. Мектеп дәлізінде балалар ансамблі күй төгіліп, қонақтар қолөнер үйірмесі оқушыларының туындыларымен танысты. Мұнтаздай таза мектептің әр кабинеті бүгінгі заманға сай жабдықталып, оқушылардың білім мен тәрбие алуына толық жағдай жасақталғанын паш етеді.

Бір сәт тыңдарманын баурай алған деректі фильмнен жазушының зайыбы Сәуле апайдың әңгімесі ерекше әсер етті. Өйткені ол танымал тұлғаның біз білмейтін жастық шағынан, өскен ортасынан, тіпті мамандық таңдауы мен әдебиетке келу жолынан танымды тарихи сыр шертті. Бір кездері танымал қаламгерлер Берқайыр Аманшин, Меңдекеш Сатыбалдиев дәріс алған жерлесіміз, атақты ағартушы ұстаз Хамза Санбаевтан сабақ алып, алдында бас игенін айтқан Сәуле апай мұнай иісі сіңген топырақтан әдебиет пен мәдениетке жақын тұлғалардың өсіп-жетіліп шыққанын айтты.

Иә, мұнайшы-инженер мен әдебиетті қатар қойып, біреуіне әкеден алған тәлімім деп, екіншісін жүрек қалауы мен табиғи болмысым деп таңдауға салған Зейнолла Қабдоловтың өмірбаянындағы қызықты сәтін таңданыс білдірмеген тыңдарман қалмады.

Әдебиетке бет бұрса да, өндіріс тақырыбын ұмыт қалдырмады. Мұнайшылар өмірінен жазылған «Жалын» романы – соның айғағы.

Аталмыш шара барысында З.Қабдолов қаламынан туған дүниелерді мектеп сахнасында шәкірттер мен мұғалімдер қатар сомдап, әсселерінен үзінділер оқыды.

Жазушы «Халықтар достығы», «Құрмет», «Парасат» ордендерімен, көптеген медальдармен және Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. «Менің Әуезовім» атты роман-эссесінде ұстазының феноменін тануға ұмтылған баға жетпес еңбегі қазақ әдебиетінің алтын қорына құнды қазына іспетті құйылды.

Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Бірінші дәрежелі сыйлығының лауреаты атанды.

З.Қабдоловтың есімін есте қалдыру мақсатымен білім ошағында өткізілген шара барша қатысушыларға тағылымы мол әсер қалдырды.

Мөлдір ІЗТҰРҒАНОВА,  
Гүлзада САЛИКОВА,  
Сурет авторлардікі

## Зейнолладай өз ұлын алақанында аялаған шақтың әсері ұмытылар ма, сірә?!

Бүгінгі таңда Халел сынды алаш арысының есімін иеленіп, іргелі оқу орнына айналған университеттің университет атануына дейінгі іс барысында Зейнолла Қабдоловтың зор еңбегі болғанын біреу білер, біреу білмес... Бұл – тарих, бұл – Зекеңнің қандай биікке көтерілсе де, артындағы елін ұмытпаған қарапайымдылығының айғағы.

Иә, Зейнолла Қабдолов туралы әңгіме тиегі ағытылғанда, еске түсетін қайраткерлік қызметі көп-ақ. Ұмытпасам, 1995 жылы университетте өткен мерекелік шараға Х.Досмұхамедовтің ет жақын туыстары, балаларымен бірге қадірлі қонақ болып Зейнағаң да Атырау топырағына табан тіреді. Мен оны оқу ғимаратының кіре берісінде кездестіріп, амандастым. Зейнағаң мені көріп, жылы жүзі шырайлана қарауы мұң екен, кішілікпен қолын алуды жөн деп таптым. Қасына барғанымда қапсыра құшақтап, бетімнен сүйді. Хал-жайымды сұрады да, қолымды қысқан күйі:

– Ел жақтағылар аман ба? – деді нұрлы жүзі от шашқандай.

Сол сәт менің есіме Зейнағаңның туған жерінде болған кездесулер түсіп соның бәрін ұмытпағаны, әйтпесе, көлденең көк аттыны бұлай емірене бауырына тартпас еді ғой деп те ой қорытып үлгердім.

...Содан бері қырық жыл уақыт өтсе де жадымда жатталып қалыпты. Бәрі, бәрі ұмытылмапты. «Көздігара» ауылы маңындағы ашық алаңға кеп қонған тікұшақтан түскен қонақтар: мерейтой иесі, қазақтың ғұлама ғалымы, белгілі жазушы, профессор Зейнолла Қабдолов, жары Сәулені, халқымыздың арқалы ақыны Хамит Ерғалиевті, сол кезеңде ел басшылығында қызметте жүрген Орынбасар Еркінөвті жерлестері шалқыған ән-күй, жалынды жырмен құшақ жая күтіп алып, нан мен тұздан дәм ауыз тигізді.

Бұл 1977 жылғы желтоқсан айы болатын. Туған күніне сегіз күндей уақыт қалған кез еді. Желтоқсан қыстың алғашқы айы болса да, қар

орнына күздің жаңбыры толас таппай жауып тұрған-ды. Оған елең етпеген жергілікті тұрғындар, шалғай ауылдардан жиылған еңбек адамдары «Қонақтар нұр әкелді» деп жүздері жадыраңқы күйде кездесу өтетін мекенге қарай ағылды.

«Самал» мәдениет үйінде өткен мерейтойлық бас қосуды «Комсомол» кеңшарының басшысы Ғалымжан Тастаев ашып, әңгімесін қонақтарға қош келдің айтумен бастады.

Алғашқы сөзді қазақтың атақты ақыны Хамит Ерғалиев алып:

– Ата-анасына баласын таныстыру қандай әбес болса, Зейнолланы Сіздерге таныстыру да ыңғайсыз, – деп бастады да, әрі қарай шабытына ерік беріп, көсіле сөйлеп кетті. Ұлы Мұхтар Әуезовтің Зекеңдей шәкірті туралы пікірі ерекше еді. Оны айырықшалап, ішкі сезімін де хатқа түсірген болатын: «Мен сені туған ұлымнан да жақын тартамын. Табиғаттың мені саған қарай тарттыратын жайы бар. Өзімнің бойымнан табылатын жайлар – ғалымдық, ұстаздық, жазушылық қасиеттер: осының барлығы саған дарыған, – деген еді.

Мұхтар қадірлеген Зекеңе Отан болған топырақтан айналмас па едім? Мен де мектепте оқытушы болдым. Алдыма талай келіп, өнеге алған шәкірт сирек. Соның бірі – осы Зейнекең. Зейнекең – менің мақтаным», – деді.

Бұдан әрі Хамаң мерейгер Зейнағаң романының бас кейіпкері Сардар туралы және жазушының өз немересі Сардар хақында әңгіме өрбітіп, ойын өршіл өлеңдерімен өрнектеп отырды.

Кездесу барысында Зейнағаңның



көзін көрген, еңбегін оқып, өміріне нәр алған біраз еңбек адамдары сөз сөйледі. Зейнағаң оқыған «Жаңашаруа» орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мәжит Жанахметов жазушының сөз қолдану шеберлігі, шығармаларының адамтанымдық қасиеті туралы ойларын айта келе, жүрекжарды алғысын жеткізді.

Кездесу мәресіне жақындаған кезде кеңшар ұжымы атынан құттықтау хат тапсырылып, мерейгерге сый-сыпаттар ұсынылды. Осы қуанышты сәтке орай сол күні өткізілуге тиісті ат бәйгесі ауа райының өте қолайсыздығынан өтпей қалды. Бәйгеде оза шапқан сәйгүліктердің шабандоздары мен атбегілер жүлделерді Зейнолла Қабдолов пен Хамит Ерғалиевтердің өз қолдарынан алатын еді. Әттең-ай!

Мәдениет үйіне лық толы жерлестері Зейнағаң сөз берілгенде тікелерінен тік тұрып, ұзақ қол шапалақтап, қошемет көрсетісті. Сұлу сөздің сардары ауылдастарының ықылас-ниеттеріне риза болды ма, бірден көсіле сөйлемей, толқығандығын байқатып алды...

Келесі күні аспан жүзі шайдай

жарқырады. Таңертең ерте тұрған ақын Хамаң Дабыс аға үйінің кең шарбағында домбырамен ән шырқап отырды. Бір ғажабы, халық әндерінің бірнеше нұсқасын кезек-кезек төгілгенде таңданып, таңырқатты. Дауысы қандай зор, мәнерлі еді?! Ал Зейнағаң далаға шығып, жалаң аяғымен көк майсада мөлтілдеген шықты басып, көкжиекке көз тастап, кеудесін кере кең далада жүрді...

Оның бергі жылдар легінде Зейнағаң Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі қатарына сайланды. Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақ ПЕН-клубы мен Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Бірінші дәрежелі сыйлығының иегері атанды. «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы», «Парасат» ордендері сынды марапаттарға ие болды. Туған жер төсінен басталып, кейін жалғасын тапқан сол ақ тілектер қабыл болды деген осы емес пе?!

**Төлеген ЖАҢАБАЙҰЛЫ,**  
Қазақстанның құрметті журналисі, ҚР Ақпарат саласының үздігі, Қызылқоға ауданының құрметті азаматы

## Ұстаздық ету – өзіңнің уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау

**Біздің Атырау өңірі, сірә, тектілер туған жер. Тектіден текті туады, Тектіні текті қуады, – демекші Хамит Ерғалиев, Зейнолла Қабдолов, Фариза Оңғарсынова, Жүмекен Нәжімеденов, Табылды Досымов, Ғабдол Сланов секілді тектілер киелі Атырау топырағынан шыққан. Сол алыптардың бірі – академик, жазушы, ұстаз З.Қабдоловтың туғанына биыл 90 жыл.**

Халқымыздың ұлы жазушысы М.Әуезов: «Ұстаз – ұлы есім» десе, З.Қабдолов «ұстаздық ету – өзіңнің уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау» деген. Екеуі де нағыз ұстаз бола білді, сол саланың құлағын ұстады. Бүгінде бұл сөз талай ұстаздардың ұранына айналды. Бұл – шын мәнінде Жан Жак Руссоның сөзі. Алайда оны халық жадына сіңірген – З.Қабдолов.

Ол әдебиетке әдеппен кірді, төріне жайғасты. Ал, төр оған өз орнын берді. Әдебиет деген киелі өнерге әдеппен келіп, әдеппен кетті. Қос мемлекеттің еңбегі сіңген қайраткері атанды, Жазушылар

одағының мүшесі болды. Қазақтың киелі қара шаңырағы, қасиетті білім ордасы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде әдебиет кафедрасын басқарып, шәкірттеріне білім нәрін сыйлады. Бауыржан Жақып өзінің «Зекеңе» деген өлеңінде:

«Ұшқын болып ұштың да  
Жалын болып лауладың  
Әуелеп бір ұшқанда  
Әуезовтен аумадың  
Тебіренттің Каспийдің  
Толқын-толқын тауларын  
Өрімтал жас өскіннің  
Жан жүрегін жауладың  
Сыбдырласқан өзді-өзі

*Жапырағың жетеді*

*Сен кіргенде КАЗГУ-ім*

*Жарық болып кетеді, – деген.*

Ол ұстаздардың ұстазы болды. Шәкірттері әр жерде өз ұстаздарының жолын жалғады.

З.Қабдолов артына қалдырған мұраларының ішінен үш романын айрықша атауға болады: «Ұшқын», «Жалын», «Менің Әуезовім» романдары. «Ұшқын, Жалын» романдарынан қазақ әдебиетінде көп ашыла бермейтін әке образының кеңдігін көрсек, «Менің Әуезовім» романынан ұстаздықтың қырсырын үйренуге болады. «Сөз өнері», «Әдебиет теориясы» атты оқулықтары барша оқушылар, студенттер мен мұғалімдердің оқулығына айналды. Сондай-ақ, Зейнолла Қабдолов жай ғана шығарма жазып қана қоймай, аударма саласында елеулі еңбек етті. Н.Хикметтің «Елеусіз қалған есіл ер», Н.Гогольдің мақалалары, В.Закрутиннің «Судағы станица», М. Горькийдің «Күн перзенттері» жинақтарын аударып, әдебиет

сахнасынан өшпестей орын алды. Оның шығармалары аз уақыттың ішінде оқырманының жүрегінен жол тауып үлгерді.

2003 жылдан бері Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде З.Қабдолов атындағы ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс жасап келеді. Бұл орталықты сол уақыттан бері З.Қабдоловтың шәкірті филология ғылымдарының докторы, профессор Қадыр Жүсіп басқарып келеді. Бұл орталық Зейнолла Қабдоловты зерттеймін деушілер үшін есігі айқара ашық. Бұған қоса, университеттің ең үздік студенттері үшін берілетін арнайы З.Қабдолов атындағы стипендияның тағайындалуы Халел Досмұхамедов атындағы университет ұжымы үшін оның қаншалық қадірлі екенін аңғартып тұрғандай...

**Заманбек ШАКИРОВ,**  
Көптілді білім беру факультеті  
Филология мамандығының  
2-курс студенті

## Айналасына нұр шашып жүретін...

**Ертеңгілік Зекеңді кездестіру – күні бойы көңілді жүру деген сөз. Зекең өзінің ыстық ықыласымен әрқайысымызға жылы сөздерін арнап, оң энергиясымен жігерлендіріп жүретін.**

Қазір іргелі жазушы, білікті ұстаз, ірі ғалым – Зейнолла Қабдоловтың ортамызда жоқ екеніне сенгің келмейді. Тіпті есік ашылып, оның өзіне батыл да сенімді дауысы естілетіндей. Әттең, шындық олай емес қой! Бірақ тазалық сүйгіш асыл болмысы көзін көргендер – біздердің жан дүниемізде өмір сүріп, шәкірттері мен ізбасарларының естеліктерінде айтылатын болады. Басқаша болуы мүмкін емес...

Академик Қабдоловтың саналы ғұмыры өз елінің рухани-мәдени өміріне адал қызмет етудің асқақ үлгісі болды. Мен қашан да жерлес ағаның есімімен мақтанатын едім. Ол кісімен аудандас болғанымды абырой санайтынмын. Мектепте оқып жүргенде, студенттік жылдары да Зекеңнің шығармашылық жетістіктерін мұқият қадағалап жүрдім. Өзімнің мұнайшы мамандығына қатысым барлығына, тағдырыма ризамын. Зейнолла аға өз шығармаларында мұнайшылардың өмірі мен еңбек тынысын шынайы суреттей білді. Ал, мен өзімнің еңбек жолымды «Доссормұнайгаз» мекемесінде мұнай-газ өндіруші оператор мамандығынан бастадым...

Өткен ғасырдың тоқсаншы жылдарының басында академикпен жеке таныстығым басталды және ол менің өмірімде өшпес әсерін қалдырды. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіндегі жұмысым ол кісімен көп араласуға себеп болды. Оның адамдарды өзіне тарту қасиеті

таң қаларлық еді. Академик аға кісіге ескерту жасарда, не болмаса сын айтуда аптығуға, ойланбай дөрекі сөйлеуге жол берген емес. Ескертуді үлкен сыйластықпен, адам жанын жараламай, әуелі адамның жетістіктерін айттып алып, содан соң кемшіліктерін көрсететін.

Ол лауазымына және тегіне қарамастан әр адамды тұлға деп біліп, оған құрметпен қарады. Аға мұндай қасиетті өткен өмір жолдарынан алған болуы керек. Өз мансабына адал еңбегімен, табиғи талантымен жетті. Сондықтан Зекең әдебиетке келген жас буынды қолдап, шығармашылығын қамқорлап отырды. Бүгінгі қазақ руханиятында өзіндік салмақ, өзіндік орны бар зиялы қауымның дені – оның шәкірттері және пікірлес замандастары.

Зекең артына адамдық пен отаншылдықты үндейтін әдеби және ғылыми мұра қалдырды. Қабдолов шығармалары – қазіргі қазақ әдебиетіндегі мәні мен маңызын жоймайтын, парасаттылыққа баулитын көркем дүние.

Біз Зекеңнен әрқашан ақыл-кеңес сұрайтын едік. Ол қандай қиын жағдайда да дұрыс жол тауып, кеңес беруші еді. Ғылыми кеңестер мен конференция, жиындар, кездесулерде суырылып сөйлеп, өз ойын анық, әдемі, нақышты етіп, нақты мәселе бойынша дәл жеткізетін. Ол кісіні сағаттап тыңдай беруге болатын.



Академик ағамыз энциклопедиялық білімді меңгерген. Сондықтан кей кездерде басқа саланың мамандары ол кісінің білімінің, пікірінің тереңдігіне, өмір мен қоғамның әр тараптары бойынша ұшқыр ойларына таң қалушы еді. Міне, осындай біліктілігі, шешендігі, шеберлілігі үшін ел президенті Н.Назарбаев зиялы қауыммен кездескенде, ақылдасқанда Зекеңді де қалдырмай, елдің дамуындағы көкейкесті мәселелермен ақылдасатын.

Зейнолла Қабдоловты заманымыздың атақтылары – Шыңғыс Айтматов, Раушан Гамзатов, Евгений Евтушенко сынды зиялылары әрдайым сыйлап, оның пікірлерін тыңдаушы еді. Міне, осындай тұлғалардың арқасында адамзаттың асыл қасиеттері ұрпақтан-ұрпаққа таралады.

Зекеңнің осындай қасиеттерін бойларына сіңірген оның көптеген шәкірттері – бүл күнде елге танымал жазушы, журналист, филолог, тарихшы және т.б.

Зейнолла аға туған жеріне келуді қатты ұнататын. Жерлестерінің шақыруларына риза болып, елге келіп, ондағы оңды өзгерістерге қуанатын. Туған жерінің түлейтініне, гүлденетініне сенетін. Оның өмірі айналасына жақсылық жасап, нұр себуге толы болды, сондықтан да оның есімі әрқашанда ризашылықпен еске алынып, ұзақ сақталады.

**Мәншүк МҰҚАШЕВА,  
Журналистика кафедрасының  
меңгерушісі,  
филология ғылымдарының  
кандидаты**

## Ұмытылмас кездесулер

**«Ұлылар асқар таудың шыңы емес, жотасы болып келеді», – деген даналар сөзі бар. Сондай тұлғаның бірі академик-ғалым, жазушы, ұстаз, қоғам қайраткері Зейнолла Қабдолов ағамыздың соңынан ерген қанаттас інілерінің бірі екенімді айтпағанның өзінде, ағаның Атырау өңірі Индер аудандық оқырмандармен өткен кездесулерін ұйымдастыруға жетекшілік етіппін...**

...Зекеңнің 60 жылдық мерейлі жасын Атырау өңірі де атаусыз қалдырған жоқ. Облыстың Қызылқоға, Индер аудандарында атап өтілді. Мен ол кезде Индер ауданының басшысы (бірінші секретарь) едім. Мерейтой салтанатына орай Индер топырағына Зекең жан жары Сәуле апаймен бірге белгілі ақын Т.Молдағалиев, драматург Б.Қорқытов, жазушы Е.Домбаев сынды бір топ ақын-жазушыларды да ерте келді. Иә, бәрі күні кеше секілді. Бәрі-бәрі көз алдымызда...

Салтанатты кездесу аудан орталығындағы «Борат» мәдениет үйінде өтті. Негізгі баяндама жасау маған жүктелген соң, жазушының прозалық шығармалары мен ғылыми зерттеулерімен танысып шықтым. Осы ретте Зекең шығармаларын қайыра оқып, жазушының адал серігі – ар сүзгісімен сомдалған образдар жүйесімен қаныға түсуге мүмкіндік туды. Көркем шығарма қанша оқысаң да, санаңды ізгілік пен жақсылыққа баулитын түпсіз тұңғыық қой. Жазушы бойындағы адамшылық пен кісіліктің айнасы. Зекең шығармашылығын оқыған сайын осындай ой үйемін және парасаттылық пен мәдениеттіліктің биік шыңын көремін.

Рухани-танымдық, тағылымдық мәні зор болған кеш барысында

Тұманбай ақын Зекеңнің ұстазы заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің үмітін жалғай білген, қандай болсын құрметке лайық шәкірті, өзінің қадір тұтар ұстазы екенін айта келе, Зейнолла ағаға арнаған жүрекжарды өлеңін оқыды. Өлең өте әсерлі жазылған екен, өшпестей боп есімде сақталып қалыпты:

*Әдебиеттің әл-Фараби білгіші,  
Тарланбозымның талайға  
жетті үлгісі,  
Отызға толмай ойшылар  
тобын көбейткен,  
Ұстазым – менің бұл кісі.*

«Аруана аунаса, жер теңселіп тұрады, шешен сөйлесе, ел теңселіп тұрады» демекші, кеш соңында сөйлеген Зекеңнің сөзі көпшілікті толқытпай қоймады. Ал, оның себебі Зекеңнің маңғаз болмысына сай өте сұлу да сырбаз, кестелі дер көркем сөздің құдіреті деп есептеймін.

...Келер жылы дәл осындай шара аудан көлемінде халық жазушысы, белгілі ақын Хамит Ерғалиевтің 70 толу мерейтойына орай өткізілді. Осынау мерейтойға академик З.Қабдолов, ақын С.Мәуленов, драматург, жерлес жазушы Б.Қорқытов, облыстық ауыл шаруашылығы жөніндегі хатшысы М.Сағынбаев және басқа да қоғам қайраткерлері арнайы келіп қатысты. Хамаң – Зекеңнің ұстазы екен. Бұл

кездесуде Хамаң біраз өлеңдерін оқыды.

Аталған шаралар аудан көлемінде тойланса да, жыр құдіретін аспандатқан поэзия күндерінде дүбірлеп өтті. Жүректе ұмытылмас әсер қалдырды...

...Зекеңнің 75 жасқа толуына арналған мерейлі тойы 2002 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде болды. Алыс-жақыннан ат шалдырып келген игі жақсының басын қосқан осынау келелі жиынға университет атынан мен де қатыстым. Көңіл түкпірінде рухани өміріме шуағын шашып тұратын, ескірмейтін естеліктерді қайтадан жаңғыртып, Зекеңнің өнегелі лебізін есту бақытына тағы ие болдым. Қазақтың дәстүрімен Зекеңнің иығына шапан жауып, ғалымға жасалған құрметке ортақтастым. Іргелі оқу орнының үлкен Мәжіліс залында «Жазушы, ғалым, ұстаз» тақырыбында өткен жиында ғалымдар, зиялы қауым өкілдері сөз сөйлеп, Зекеңнің мерейін көтерген өз ойларымен бөлісті.

2003 жыл бізді тағы да Зекеңмен тағдырлас етті. Өйткені, осы жылы арқалы ақын Махамбет Өтемісұлының туғанына 200 жыл толғаны белгілі. Осыған орай, университет халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырды. Бұл салмағы да, жауапкершілігі де ауыр жұмыстың өтуіне мен жетекшілік жасадым.

Конференция баяндамалары нәтижесінде «Махамбет – ерлік пен елдіктің өшпес рухы» атты 2 томдық конференция материалдарының жинағы жарыққа шықты. Онда Зекеңнің де үлесі болды. Себебі, Махамбеттің жай ақын ғана емес,



ерлік пен елдіктің ақыны екенін дәлелдеп, осы анықтаушыты алғаш рет ұсынған З.Қабдолов аталған конференцияда «Азаттықтың асқақ рухы» тақырыбында тарихи маңызы жоғары баяндама жасады...

Жазушы, ғалым, ұстаз ретінде де ел алдындағы азаматтық, адамдық, кәсіби міндетін адат атқарған З.Қабдолов өнегесі – ұлт мәдениетінің дамуына қосылған зор үлес! Мәні мен маңызын жоймайтын тарихи қолтаңба! Сондықтан З.Қабдоловты ұлығылау, қаламгер мұрасын қадірлей білу өзі айтқандай елдігіміздің белгісі деп есептеймін!

**Бақтыбек ТАУБАЕВ,  
Х.Досмұхамедов  
атындағы Атырау  
мемлекеттік университетінің  
профессоры**

## Балалар университеті – болашаққа бастар жол!

Балалар университетінің күзгі маусымы болып өтті. Бұл жолы кішкентай студенттер болашаққа қадам жасап, жаңадан ашылған I SPACE орталығында білім алды.

Осы жылдың наурыз айында басталған бұл жоба көптеген оқушы балалардың дарындылығын анықтауға, қолдауға және дамытуға арналған үлкен жоба болып табылады.

Балалар университетіне келген әрбір кішкентай бүлдіршіндердің ғылымға қызығушылықтарын ынталандыратын, ғылыми білімдерін танымал етуге, танымдық белсенділіктерін дамытуға және балалардың шығармашылық әлеуетін көтеру мақсатында осы күнге дейін бірнеше ауқымды шаралар өткізіліп келеді.

Бұл жобаның «Күзгі маусымы» да өз мәресіне жетті. Әр баланың көңіліндегі қуаныштары мен ата-аналарының шексіз ризашылықтары көңілге қуаныш ұялатқандай. Балаларының бақытынан асқан не бар? Балалары қуанса, ата-аналары екі есе қуанады.

Оқу мерзімі басталғалы түрлі оқу тәжірибелерімен таныстырып, бөлісіп, оқытып жүрген бұл топтың еңбегі орасан зор. Әр күнді таңғы

көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алып, студенттермен ғана жұмыс жасап үйренген ұстаздарымыз, алдарына келген сәби, әлі ойын баласы болып табылатын мектеп оқушыларына да құшақтарын кең жая, әр баланың мінез-құлқын терең түсіне жүріп, ұстазда, анада, доста бола білді. Бұл – ұжымның үлкен жетістігі. Бір апталық оқу мерзімін аяқтаған кішкентай студенттерімізге университет акт залында салтанатты түрде ДИПЛОМ табыстау рәсімі болды. Ардагер ұстаздар мен профессор – оқытушылардың ақ тілектері мен баталарын алған бүлдіршіндер де, олардың ата-аналарыда өте көңілді күнді бастан кешірді. Марапаттау соңын концерттік бағдарламаға ұластырған кішкентай студенттеріміздің бір аптада алған білімдерінің қорытындысы бойынша ғылыми жобаларын сәтті қорғап, ән-жырымен қоса, биден де шашу шашып, ертегілер еліне саяхатта жасалды.

Арайлым НАРЕШОВА



## Дәстүрлі мерекелік кеш

Ағымдағы жылдың 27 қазан күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті үшін аса жарқын күн болды. Олай дейтін себебім, 2017 жылы университет табалдырығын алғаш аттаған 1-курс студенттерін салтанатты түрде студенттік қатарға қабылдау кеші өтті.


Бұл біздің университет үшін сағындырып жететін әсерлі кеш. Себебі бұл киелі қара шаңырағымыздың 70 жылға жуық тарихында жыл сайын өтетін мағынасы терең әрі ауқымды шара. Аталмыш мерекелік шарада университетіміз мыңдаған түлектерді құшақ жая қарсы алып, арман сапарына жол ашады.

Концерттік бағдарламаның шымылдығын ашу үшін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры, х.ғ.д., профессор Талтенов Абзал Ахатұлының алғы сөзіне кезек ұсынылды. Биылғы студенттер қатарына қабылдау кешінің басты ерекшелігі: республика бойынша жоғары оқу орындары ректорларының қатысуымен, сонымен қатар, қазақ эстрадасының жұлдыздары Бейбіт Қорған, Дана Кентай, Заман және NN-бек топтарының қатысуымен ұйымдастырылды. Сондай-ақ «Томирис» би тобы мен «ABC crew» тобы студенттерді құттықтап, өз

өнерлерін паш етті. Мерекелік концерт барысында арнайы флешмоб биленіп, студенттің төлқұжаты іспетті студенттік билетті тапсыру рәсімі салтанатты түрде өтті. Мұндай концертке алғаш қатынасып отырған студенттердің көтеріңкі көңіл күйі, шара барысындағы факультеттердің белсенділігімен көрінді.

«Бұл киелі шаңырақ көптеген ұлы тұлғаларды түлеп ұшырған орда. Сондықтан бүгінгі студенттердің арасынан да сол кісілердей азаматар боларына сенеміз. Еліміздің дамуына үлес қосыңыздар. Ол үшін терең білім алып, талмай еңбек етіңіздер. Осы концертте жастар үшін арнайы ән орындап, би билеп, бірге көңіл көтердік. Сіздерді студент атануларыңызбен шын жүректен құттықтаймын!», - дейді Бейбіт Қорған бізге берген сұхбатында.

Малика TAKEЖАНОВА,  
медиа-қызмет  
орталығының тілшісі



# Ел мақтанышына айналған тұлға

*Зұлқарнай  
Алдамжаровтың  
туғанына 80 жыл*



Халқының құрметіне бөленген, оның сеніміне ие болған тұлғалар қай заманда да елінің алдында жүреді, сол үшін еңбек етеді. Олардың арасында, сөз жоқ, Зұлқарнай Алдамжар дараланып тұратын. Тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Парасат» орденінің иегері, сонау Америка Құрама Штаттарындағы Техас штатының «Құрметті азаматы» Зұлқарнай Алдамжар мұндай құрметке қалай жетті? Әрине алдымен ата-бабасының қаны, олардың тәлім-тәрбиесі. Зұлқарнайдың шәкірті тарихшы профессор Әбілсейіт Мұқтардың анықтауынша оның атасы тарихта аты қалған атақты Шойтас Сырлыбайұлы екен. Шойтас бабамыз Сырым Датұлының азаттық үшін соғысына белсене қатысып, Жайық-Еділ аралығын қайтаруға күш салған тұлғалардың алдыңғы шебінде жүрген. Жерлестері Шойтас батырды Қара Шойтас деп те атаған. Тұлға туралы Ресей мұрағатындағы алғашқы құжаттар 1785 жылмен хатталған. Ол бойынша орыс үкіметіне қарсы көтерілген қазақтардың соңына 2669 жауынгерді ертіп генерал-майор Смирнов, 1250 казак-орыспен Орал әскерінің старшындары Калпаков пен Паномарев, 405 Орал казак-орыстарымен премьер-майор Назаровтар бастаған қарулы әскер аттанған кезеңде оларға Сырым, Барақ, Жиеншөре, т.б. бірге Қара Шойтасты да ұстау тапсырылған. Ресейдің отарлау заманында патша шенеуніктері өздеріне қарсы болған қазақтарды жайдан-жай ұстау туралы бұйрық бермейтіні түсінікті. Мұның өзі Шойтастың ел ішіндегі орасан зор бедел иесі екенін дәлелдейді. Шойтас Сырлыбайұлы өзге би-батырлармен бірге Еділ-Жайық аралығындағы жайылымды қайтаруға барын салған. Соның нәтижесінде Кіші жүз қазақтары 1786-1787 жылдағы қыста малдарын ішкі бетке өткізуге қол жеткізді. Патша үкіметінің Жайықтан өту туралы рұқсат қағазында 45 400 түтінге арнайы 20 старшын және 1 сұлтан тағайындалған. Тізімге назар аударсақ, ысық Қаратау би 10 000, беріш Шойтас батырға 7000, шеркеш Жарқынбай батырға 3000, алаша Сыпыра биге 3000, масқар Дөнен

Итемгеновке 1000 түтінді басқару сеніп тапсырылған. Ол турасында кезінде шежіреші Берік Қорқытов жазған болатын. Ол «Атыраудың би-батырлары» деген еңбегінде елдегі бірнеше Шойтасты жазып, өзіндек бағасын берген-ді.

12 ата Байұлы Беріштер шежіресі бойынша Шойтас батырдың інісі Мәмбетәліден Төлеп, Төлептен Бегейсін, Бегейсіннен Есет, Есеттен Алдамжар, Алдамжардан Зұлқарнай тараған. Зұлқарнай Алдамжарұлының өз атасы Есет бабамыз да Атыраулықтарға белгілі тұлға. З. Алдамжар өз атасы турасында: «Менің атам Есет Бегейсінұлы Қазан төңкерісіне дейін көп жылдар бойы Бөкей Ордасында беріш руының Есенғұл, Сырлыбай бөлімінің старшинасы болған... Есет атам әрі би, әрі шежіреші болған адам. Қазақ тарихының мәселелерін одан артық білетін кім бар деп ойлайтынмын. Әсіресе Кіші жүз тарихын ағытқанда өте терең еді... Бір ғажабы Есет атамның деректері мен Халел Досмұхамедов, Ығылман Шөреков еңбектері өте үндес. Бұл кісінің қолында Шойтас бабамыздан басталып, жиналған тарихи деректер, шежірелер болған-ды», - деп жазып қалдырған.

Біздіңше даңқты аталарымыз қанымен Зұлқарнай жас күнінен білімге

Уақыт қай заманда да адам ырқына бағынбай өз дегенін жасайды. Бірақ осы мәселені әркім өзінше түсінеді, алла тағала берген азғана мүмкіндікті өзінше пайдаланады. Мұның өзі сайып келгенде әрбір пенденің тікелей ата-баба қанымен келетін болмысына байланысты. Оған қосымша оны шыңдай түсетін еңбекқорлық пен ізденушілік, жігер мен намыс қосылса адамның көптің алдына шығып ел сыйлайтын қадірлісіне айналатындығы белгілі.

ұмтылды, ел тарихын, шежірені жаттап өсті. Оның әсерімен 1957 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне оқуға түсіп, оны 1962 жылы үздік дипломмен бітіреді. Ол жылдары онымен қатарлас оқыған біздерге атақты Ермұхан Бекмаханов, академик С.Покровский, профессор А.Алиев, Ә.Тұрсынбаев, С.Кенжебаев, Н.Дауылбаев, Ә.Қанапин, Кеңес Нұрпейіс, Г.Дахшлейгер және өзге ғалымдар дәріс оқитын. Ол турасында З.Алдамжармен бірге оқыған Атыраулық профессор Ғинаятolla Нығмет, Қарағандылық профессор Қабі Есімов талай рет баспасөз беттерінде мақала жазған болатын. Барлығымыз Зұлқарнайдың көпшіліктен ерекшеленген білімін, азаматтығын сезініп жүрдік.

З.Алдамжардың үлкен ғалым болуына оның ұстазы Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Г.Ф. Дахшлейгер ықпал жасады. Оның жетекшілігімен Зұлқарнай Алдамжарұлы 1967 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының аспирантурасына жолдама алса, көп ұзамай ғылым кандидаты, 1985 жылы тарих ғылымдарының докторы атанды. Ол турасында шәкіртім бүгінде ғылым докторы Лесқали Бердіғожин «З.Алдамжардың тарихнамашы ғалым ретінде қалыптасып, танылуында Г.Ф. Дахшлейгердің еңбегі ерекше. «Қазақстандағы Кеңес өкіметінің орнауы» тақырыбында басталған кандидаттық диссертациялық ізденісі іргелі монографияға жалғасып, З.Алдамжар 1985 жылы Мәскеудегі КСРО тарихы ғылыми-зерттеу институтында докторлық диссертациясын сәтті қорғады. Белгілі тарихшы, академик И.И. Минцтің «Ұлы Қазан революциясының тарихы» атты 3 томдық зерттеу еңбегінен кейін ұлт республикасын өкілінің бұл тақырыпқа қалам тартып, докторлық диссертацияны Мәскеуде қорғауы

үлкен ерлік еді», - деп бағалаған болатын. Ия, Зұлқарнай күні кеше қорғағандай еді, уақыт зулап өте шығыпты. Ол жылдары біздер бұрынғы Гурьев педагогикалық институтының тарихшы ғалымдары Ғинаятolla Нығмет, Күләш Қайырбекова, Ибат Камешов және өзгелер оған қызыға қарайтынбыз. Оның іскерлігі, ғылымға шын берілгені баршамызды биікке ұмтылдырды. Әсіресе кафедрамыздағы Алдар Сарсенов, Жеңісбек Мұстафин және басқаларды айналасына жинап ғылымға бағыттап білді. Олардың бірі қазіргі таңда тарих ғылымдарының докторы болса, екіншісі ғылым кандидаты болып, ғылымдарды тәрбиелеп жүр. Зұлқарнай ғылымға икемі бар студент жастарды таңдай білді. Бүгінгі биіктіктен қарасақ сол кезеңдегі жастар елімізде белгілі тарихшыларға айналған екен. Мәселен Абай атындағы Алматы Ұлттық педагогикалық университетінің проректоры т.ғ.д., профессор Ғабит Кенжебаев, ғылым докторлары Әбілсейіт Мұқтар, Лесқали Бердіғожин, Сайфолла Сапанов, Аққали Ахмет, Ұлжан Ахметова, Ұзақбай Исмағұлов, Жанна Қыдырғалиналарды атап өтуімізге болады.

Зұлқарнай еңбегінің жарқырай көрінген уақыты оның 1989 жылы Қостанай мемлекеттік институтының ректоры болып тағайындалған кезеңі екені баршаға белгілі. Ол турасында талай жазылды, әлі де жазыла бермек. Сол жылдары институт университетке айналды, оқу орнына ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы аты берілді, Қазақстан бойынша алдыңғы қатарлы оқу орнына айналды. Біз оны мақтаныш етеміз.

Сөз соңында бүгінде Зұлқарнай арамьызда жоқ болса да, оның қалдырған ісі, мұрасы көз алдымызда. Ол мәңгі жасамақ.

**Жиенбай БАҚИ,**  
тарих ғылымдарының  
кандидаты, профессор





## МЕНИҢ ҒЫЛЫМДАҒЫ ҰСТАЗЫМ

**Сонау 1986–1990 жылдары институтта дәріс берген т.ғ.д., профессор, академик ұстазымыз Зұлхарнай Алдамжарұлы Алдамжаров шәкірттерін ғылым жолына баулаған бірегей азаматтардың бірі еді.**

Студенттік кезде ағайымыз семинар сабақта өлкедегі жер-су атаулары және атаулардың берілуі туралы тапсырма берген болатын. Тапсырманы орындау барысында облыс көлемінде Махамбет, Абай, Аманкелді, Жамбыл атындағы көше, мектеп, ұжымшар, кеңсарлар жиі қайталанатындығын анықтадым. Сабақ барысында өз ізденісімнің қортындысын айтқан кезде ұстазымыз бұл атаулардың жиі қайталануы негізінен дұрыс еместігін, атауларды берген кезде жан-жақты зерттеу, талдау жұмыстарын жүргізуге назар аудару қажеттігіне тоқталды. Бұл мәселе күні бүгінге дейін өзектілігін жойған жоқ.

Ұстазымыздың

ықпалымен 1998 жылы ғылым жолын қуып А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің ізденушісі болып тіркелген тұста, «Мұрат Мөңкеұлының жырларындағы тарихи оқиғалар мен азаттық идеясы» аясында іздену туралы ақыл-кеңесін берген-ді.

Сол берген кеңесінің нәтижесінде «Азаттық жаршысы – Мұрат ақын» (Ұстаз. Ғылыми-әдістемелік журналы №1, 2000 жыл), «Мұрат мұралары оқулыққа еңсе» (Қазақ тарихы журналы, №4, шілде-тамыз, 2003 жыл), «Азаттық жаршысы» (Мұнайлы Астана газеті, 11 қыркүйек 2009 жыл) және «Мұрат мұраларының маңызы»



(Дендер газеті, 2 қараша, 2017 жыл) атты мақалаларым жарық көрді.

**Аққали АХМЕТ,  
Х.Досмұхамедов атындағы  
Атырау мемлекеттік университетінің  
профессоры,  
тарих ғылымдарының докторы**

## Шапағатын әлі сеземін

**Мен де Зұлхарнай Алдамжардың шапағатын толық сезінген адаммын. Бір кезеңде ол басқарған Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіне оқуға түстім, группада староста, факультетте студенттер кеңесінің төрағасы секілді қоғамдық жұмыстарды атқардым.**

Зұқаңның Тобыл өзені жағасындағы үйінде болып, Гүлсара апамыздың талай рет ақ дастарханынан дәмін таттым. Ұлтын сүйетін пенде ретінде көрінетін болсам, сол қасиетті осы дастархан басында отырған Шайсұлтан Шаяхметов, Манаш Қозыбаев, Зұлхарнай Алдамжарұлы секілді біртуар тұлғалардан бата алдым.

Ол Қостанай облыстық маслихатының, Жоғарғы Кеңестің депутаты, университеттің рек-



торы қызметтерінде Қостанайдағы қалың қазақтың ұлтына деген махабатын оятуға ерекше еңбек сіңірді. Қаладағы көше аттарын Алаштың ардақтылары мен қазақтың зиялыларына алып беруге зор үлес қосты. Тұлғаның ұлтжанды істеріне толық куә болдым.

**Сабыр САЛАМАТ,  
Атырау облысы  
Мәдениет,  
архивтер және  
құжаттама  
басқармасының  
басшысы**

## Тарихта ізін қалдырған бірегей тұлға

Зұлхарнай Алдамжар тарих ғылымы үшін қыруар шаруа бітірген бірегей тұлға-ғалым. Сонау бір жылдары Гурьев педагогикалық институтында еңбек етіп, ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор болған кезеңінде айналасына жастарды жинады. Олар бүгінгі белді ғалымдар, ғылым докторлары Ғабит Кенжебаев, Сайфолла Сапанов, Ұзақбай Исмағұлов, Лесқали Бердіғожин, Аққали Ахмет, Әбілсейіт Мұқтар, Ұлжан Ахметова, Жанна Қыдыралина және ондаған ғылым кандидатары. Мұның өзі қазақ ғалымдарын даярлауға қосылған нақты үлес емес пе! Осы тарихшылар қазіргі таңда сүбелі зерттеулерімен белгілі.

Зұқаң ұлтына адал қызмет етуімен де ерекшеленді. Ол А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің қазақтандыру, қазақ тілі мәртебесін шынайы мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеру, ұлттық кадрларды даярлау, Алаш зиялы-



ларын ардақтау, оларды зерттеу, университетке А.Байтұрсынов есімін алып беруінен анық байқалады. Қайраткердің осындай қомақты істері кім-кімге де үлгі, әрі мақтаныш бола алады.

**Әбілсейіт МҰҚТАР,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор**

# Пікірсайысшылар Атырауда

**Пікірсайыс – бұл достықтың мекені. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген студент-жастар Атырауда бас қосты. 11-12 қараша күндері Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен, «Айтыс» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Атырау облысы әкімінің кубогіне арналған «Атырау' сир» республикалық пікірсайыс турнирі өткізілді.**

Соңғы төрт жылда алғаш рет болған аталмыш шара пікірсайыс тарихында қалған елеулі оқиғалардың бірі. Турнирге арнайы Ақтөбе, Ақтау, Петропавл, Астана және Алматы қалаларынан 72 спикерлер келіп, 36 фракцияны құрады. Бағдарламаға сәйкес, алғашқы күні командалар БПФ бойынша ойын ойнады және қойылған спикерлік балл есебімен үздіктер ЛД форматында сапалы ойын өрнегін көрсетті. Ал кешкі уақытта қаламыздағы антикафе «Uptivity» ойын-сауық орталығында қатысушы қонақтарға арналып кеш ұйымдастырылды.

Жоспарға сай турнирдің екінші күнінде іріктелген фракциялар АПФ-пен керемет идеялы ойын көрсетсе, үздік спикерді анықтауда ЛД форматы қорытындыланды. Үздік командаларды іріктеу кезеңінен өтпей қалғандар үшін ұйымдастырушылар

арнайы «Жұбаныш залын» дайындады. Бір қызығы, бұл бөлмеге келген қатысушылардың бірі аспаптармен ән айтып, би билесе, бірі түрлі үстел ойындарында ойнады, оған қоса фуршет үстелі де әзірленді. Мұндай республика деңгейіндегі тарихи шарада ерекше қонақ, журналист, блогер, медиа сарапшы Өркен Кенжебекпен кездесу өтті. Барлық қатысқан спикерлерге өз ақыл-кеңесін айтып, тәжірибесімен бөлісіп, жалынды жастарға керемет әсер қалдырды.

Қорытынды нәтижеге келсек, 3-орынды – «Сұлтан мен Қожан» фракциясы, спикерлері – Абылай мен Нұрберген, 2-орынды – «Троя» фракциясы, спикерлері – Нұрталап пен Азат алса, ал Атырау облысы әкімінің кубогін «Императордың соңғы сөзі» фракциясы, спикерлері –



Бақытжан мен Құдірет мырзалар иеленді. Сонымен қатар, «үздік спикер» атағын жеңіп алған алматылық Али Нұрберген болса, «үздік төреші» номинациясына ие болған Дүйсенбаев Бауыржан мырза болды. Сондай-ақ республикалық пікірсайыс турнирінің бас ұйымдастырушысы

мен бас гидіне алғыс жарияланды. Әр өңірден келген қонақтар өз гидімен бірге қаламызды аралап, көтеріңке көңіл күймен туған жерлеріне қайтты.

**Малика Такежанқызы,  
медиа-қызмет  
орталығының тілшісі**

## Теологтар кеңесі

**Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті әскери кафедрасының 1-2 курс студенттері арасында Атырау гарнизоны әскери құқық қорғау органдары және облыстық «Шапағат» қоғамдық қорының теологымен «Қазақстанда діни ланкестік пен экстремизмнің өсуі мен таралу ерекшеліктері» атты кездесу өтті.**

Бұл жиын әскери кафедраның 2017-2018 оқу жылдарына арналған жұмыс жоспарына және 2017 жылғы 4 қазандағы өткен ҚР Бас әскери прокуратурасының кеңейтілген жиналысының №7 хаттамасындағы 3.1 бөлімінің талаптарын орындау мақсатында өткізілген болатын.

Осыған орай болашақ офицерлерді даярлау кезеңінде әскери-патриоттық тәрбиені нығайту жолында, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу және қоғамда толерантты діни сана мен радикалды идеологияға қарсы имунитетті жастар арасында қалыптастыру мақсатында облыстық «Шапағат» қоғамдық қорының те-

ологы Серікжан Елшібайұлы мен әскери құқық қорғау органдарының өкілдері Батыс аймағының әскери прокуратурасының аға прокуроры Ғалымжан Махамбетов, Атырау гарнизонының әскери полиция бөлімшесінің өкілі аға лейтенанты Бахтияр Дауренкулов және Әскери кафедрасы бастығының міндетін уақытша атқараушы 2 дәрежелі капитан Қазбек Төлеубаев өз баяндамаларында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

**Алтынай Сәлімгерейқызы,  
медиа-қызмет  
орталығының тілшісі**



## ENGLISH ONLY SPACE ЖӘНЕ I SPACE ОРТАЛЫҚТАРЫ АШЫЛДЫ

Университетімізде заманауи тұрғыда жабдықталған орталықтардың ашылу рәсімі болды. Ашылу салтанатына университетіміздің ардагерлері, қадірменді меймандар және оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер қатынасты.

Университет ректоры Абзал Ахатұлы құттықтау сөзімен қатар барша қонақтарға қош келдің айтып өтті. Дәстүрлі түрде лентасы кесіліп, тәттілерден шашу шашылып тұсауы кесілген, заманауи құрылғылармен жабдықталған орталықты А.Ахатұлы экскурсия жасап әр бөлмені таныстырып отырды. Бұл орталық студент жастарға және қала тұрғындарына кәсіпкерлік мәдениетті және дағдыларды қалыптастыруға, стартаптарды іске қосуға және жаңа

компаниялардың дамуының бастапқы кезеңінде өсуіне ықпал етуіне бағытталған, университет қызметінің инновациялық нысаны; коворкинг алаңы – студенттер, стартаперлер, фрилансерлер, қала және облыс шағын бизнес өкілдері жұмыс істейтін, жеке отырыс (жұмыс) орындарын, сөйлесу бөлмелерін, демалыс орындарын, жоғары жылдамдықтағы интернетті, оргтехниканы қамтитын, қазіргі заманға сай дамыған инфраструктурасы бар жұмыс аймағы.



## Шынайы жаңалықтар маңызды



**«Бас редакторлар клубы» және «SUCCESS K» стратегиялық байланыстар агенттігінің ұйымдастыруымен Алматы қаласында «Қазақстанның медиа кеңістігі: қазіргі заманғы шындық» атты дөңгелек үстел өтті.**

Жиында фейктердің кеңінен таралуы, бұқаралық ақпарат құралдарындағы манипуляция, журналистік әдеп пен жауапкершілік сынды мәселелер кеңінен талқыланды.

Қазақстандық медиа саласының басшылары мен бас редакторлар клубының президенті ең жоғарғы редакторлық стандарттарды қайта жаңғыртып, редакциялық материалдарды тек қана классикалық үлгіде дайындау қажеттігін жеткізді.

Және де қатысушылар пікір бұрмалаушылық, саналы түрде

жалған және қазір қоғамда белең алған шындыққа жанаспайтын ақпарат таратуға жол бермеудің жүйелік шараларын ұсынды.

Айта кетсек, мемлекеттік органдар мен жоғары оқу орындарының және қазақстандық медиа нарықтың өкілдері арасында өткен бұл іс-шараға университетімізден журналистика кафедрасының меңгерушісі Маншук Мукашева, медиа қызмет орталығының директоры Фархат Бижанов және медиа қызмет орталығының тілшісі Алтынай Сәлімгерейқызы қатысқан болатын.



Кино

## «Көкжалдар» фильмінің тұсауы кесілді



**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде режиссер Еркін Рақышевтың «Көкжалдар» фильмінің тұсауы кесілді. Фильм «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың мақаласында көрсетілгендей ұлттық кодымызды жаңғырту жолында таптырмас туынды.**

Фильмнің түпкі басты мақсаты – көкбөріге телінетін қазақ болмысын сипаттау, қасқырдың текті мінезін негізге ала отырып, ұлттың бойына, жас ұрпақтың санасына сіңіріп, намысын ояту, рухын көтеру болып табылады. Шытырман оқиғаға толы фильм аңшының қасқырдың арланын атып алу сәтінен бастау алып, тірі қалған екінші бөрінің кек алу жолында аңшының үш айлық баласын ұрлап, асырап бағуымен өрбейді.

Көрермендер "Көкжалдар" фильмінің көрсетілімін алдағы уақытта еліміздегі кинотеа-

трада тамашалай алады. Басты рөлдерді Жандос Исаев, Ержан Жарылқасынов пен Арай Өмірова сомдаса, сценарийін Рамазан Құрманбаев пен Еркін Рақышев жазған.

«Мен ойлаймын, Рухани жаңғырудың басты мақсаты – ұлттың рухын көтеру. Осының аясында бұл фильм көкбөрінің мінезі арқылы ұлтымыздың рухын оятады деген сенімдеміз» дейді фильмнің қоюшы режиссері Еркін Рақышев.

Алтынай Сәлімгерейқызы,  
медиа-қызмет  
орталығының тілшісі

## Ринат Гайсин: «Өміріңізде келіп тұрған мүмкіндікті пайдаланып қалыңыз...»

Музыка және өнер кафедрасында дарынды композитор, оранжировщик, белгілі продюсер Ринат Гайсинмен кездесу ұйымдастырылды.



Музыка әлемінің қыр-сырын меңгерген Атырау облысы, Исатай ауданының тумасы студенттерге өзі туралы кеңінен таныстырып, өнер жолындағы бастауларын, шығармашылық дамуындағы тәжірибесін баяндап, өміріндегі сәтті кезеңдерін әрі қате кеткен тұстарын айтып берді. Бүкпесіз ашық әңгіме барысында студенттер ағаларының репертуарынан гитарамен попури орындап, тілектерін білдірсе, ал қонағмыз көрерменге фортепианомен кәдесін ұсынды. Студенттер де шығармашылық кештің соңына таман талантты ағаларымен арнайы дайындалған ойын ойнап, көңіл көтеріп қалды. Жалынды жастар музыка әлемінің майталманымен болған кездесуден керемет әсер алып қайтты.

Ринат ағамыздың өнер жолындағы алғашқы ұстазы Гайсина Мақыш апай шәкіртін өзгелерге үлгі тұтарлықтай сипаттап, жүрек жарды лебізін білдірді.

Біз де осы орайда танымал тұлғамен сұхбат жүргізіп үлгерген едік. Оқып көріңіз...

**–Ринат аға, туған жеріңізге және университетімізге қош келдіңіз! Бүгінгі кездесуге келгендегі мақсатыңыз қандай болды?**

–Рахмет! Біріншіден, осы оқу орнындағы менің өнердегі алғашқы ұстазым Мақыш апайымды көргім келді. Одан кейін осы өнер кафедрасының студенттерімен сөйлесіп, ақыл-кеңес айтып, сұрақтарына жауап беріп, қолдан келсе ашық әңгіме айтып, шабыт берсем деген ниетім болды. Туған жеріме көп жол түсе бермейді, әйтсе де әрқашан керемет бір әсермен қайтамын.

**–Ақынның шабыты бір бөлек болады, ал композитор ретінде сіз шабытты қайдан аласыз?**

–Шабыт енді кез-келген уақытта келеді. Ол көлікте болуы мүмкін,

үйде болсын немесе қонақтықта болсын ойыма бір келіп қалады. Ондай сәт енді бір Алланың қалауымен ойға түседі. Сол сәтті тез-тез нотаға жазып, пайдаланып қалуға тырысамын. Ал сол шабыттың өзі айналамнан, яғни араласатын ортама байланысты туылады. Соның ішінде менің шабытым жақсы адамдармен неғұрлым көбірек араласам, соғұрлым кеңінен ашыла түседі.

**–Шығармашылығыңыздағы соңғы жаңалықтарыңызбен бөліссеңіз...**

–Жаңалық өте көп. Биыл төрт киноға саундтрек жаздым. Алдағы қараша айында Мәскеу қаласында белгілі «A'studio» тобының концерті болады және соған мен қатысқалы отырмын. Одан кейін, жоспар бойынша бұйырса желтоқсан айында өзімнің екі альбомымды шығарамын және келесі жылы Алла қаласа шеберлік сыншыларым көбірек өткізіп тұрамын. Әзірге шығармашылықтағы жоспарлар осы.

**–Артыңыздан ерген жастарға айтар тілегіңіз болса, мархабат...**

–Әрине, енді өнер жолы ауыр жол. Кездесу барысында да сұрап қалдым, «оқу бітіргеннен кейін қандай жоспарларың бар, немен айналысасыңдар?»,- деп, бұл сұраққа екінің бірі жауап бере бермейді. Сол сияқты қазірден бастап оларға музыканың ара-жігін ажыратып берейін, өздерінің жолдарын анықтап алсын, нағыз музыканың не екенін түсінсін деп бүкпесіз әңгіме айттық. Енді сондай іні-қарындастарым қандай музыка жанры болмасын сапалы дүние дайындап, әйтеуір мықты өнер адамы болып, биіктен көрініп, жұлдызы жансын деймін.

**–Сізге де шығармашылығыңызға толағай табыстар тілейміз. Сұхбатыңызға рахмет, сау болыңыз!**

Малика ТАКЕЖАНҚЫЗЫ,  
медиа-қызмет  
орталығының тілшісі

## Қаладағы ең мықты жас домбырашы анықталды

Қарашаның 1-і күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде қалалық саз мектептері арасындағы «Шаттанамын» атты домбырашылар сайысы өтті.



Сайыс ҚР еңбек сіңірген қайраткері, дирижер, композитор, домбырашы Айтқали Жайымовтың 70 жасқа толу мерейтойына орай ұйымдастырылды. Университеттің акт залына біз оқитын «Музыка және өнер» кафедрасының барлық студенттері жиналып, жас күйшілердің орындауындағы Құрманғазының «Көк ала ат», «Саранжап», Дәулеткерейдің «Құдаша», Динаның «Байжұма», Сүгірдің «Қосбасар», «Қаратау шертпесі», Т.Момбековтің «Салтанат», Қыздарбектің «Сылқым қыз», сонымен бірге ХХ ғасыр композиторларынан Н.Тілендиевтің «Әлқисса», Қ.Ахмедияровтың «Алтын ұя», «Атырау», «Күткенде», «Жібек Жетісу» күйлерін тыңдадық.

Сайыстың міндетті талабы бойынша қаламыздағы Құрманғазы атындағы балалар саз мектебі, Еркінқала, Дамбы, Атырау, М.Қойшыбаев атындағы балалар саз мектептерінің үміткерлері Айтқали Жайымовтың домбыра мен фортепианоның сүйемелдеуіне жазылған «Шалқыма» шығармасы және жеке домбыраға арналған «Шаттанамын» күйін ойнады. Қойылған талап жеңіл болмаса да, балалар әр туындыны үлкен ықыласпен, шабытты сезіммен орындай білді.

Музыка мектептерінің жоғарғы сынып оқушыларының арасында Құрманғазы мектебінен қатынасқан 3-сынып оқушысы Наурызбай Алмас ең жас үміткер болды. Көрермен көзайымына айналған Алмас өзінен үлкен домбырасымен сайысты алғашқы боп бастады.

Сайыстың әділ қазылар алқасы облысымызға еңбек сіңірген танымал өнер иелері, кафедраның аға оқытушыларынан сайланды. ҚР Мәдениет қайраткерлері – компо-


зитор Қ.Кипиев пен домбырашы Т.Естаев және тәжірибелі мамандар Г.Рысқалиева мен Қ.Андировтар болды. Бас төрешілікке ҚР еңбек сіңірген қайраткері М.Ғабдиев таңдалды.

Өнер додасында ең үздік деп – М.Қойшыбаев мектебінің оқушысы Хамидолла Әділет (1-орын), Дамбы мектебінің оқушысы Жорабеков Асылбек (2-орын) және Еркінқала саз мектебінің оқушысы Тұрғалиева Гүлдана (3-орын) танылды. Арнайы Дипломмен марапатталған осы балалар сайысты ұйымдастырып отырған «Музыка және өнер» кафедрасында биылғы жылы ашылған ҚР еңбек сіңірген артисі, домбырашы Айгүл Үлкенбаеваның класынан шеберлік сағаттарын алу мәртебесіне ие болды. Әйгілі домбырашының шеберлік сағаттарын ала отырып, жүлдегерлер арнайы Сертификатқа ие болмақ.

Сайыста балаларды ұлттық аспабымызды өте жақсы меңгеруге баулыған Әсел Аймағамбетова, Рая Әжмұхамбетова, Зинаида Жақсығұловалар мен концертмейстерлер еңбегі де ескерусіз қалған жоқ. Олар арнайы Дипломмен марапатталды.

Өнер сайысын көре отырып, Атырау жерінде дүниеге келіп, қазақ домбырасын әлемге паш еткен Бақыт Қараалина, Қаршыға Ахмедияров, Рысбай Ғабдиев, Әзидолла Есқалиев, Сағын Жалмышев, Айтқали Жайымов, Айгүл Үлкенбаева секілді дарынды ұл-қыздардың өсіп келе жатқанына куә боп, кеудемізді қуаныш биледі.

Меруерт Макарова,  
дәстүрлі музыка өнері  
мамандығының  
1-курс студенті





## ӘБІШ ОҚУЛАРЫ...

**Қазақстан Республикасының халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев шығармаларын оқып үйрену мақсатында Көптілді білім беру факультеті студенттерінің арасында «II Әбіш оқулары» атты сайыс ұйымдастырылды.**

Байқауда 20-ға жуық студент поэзия, проза және арнау номинациялары бойынша бақ сынады. Қатысушыларға филология ғылымдарының докторы, профессор Қадыр Жүсіп, фило-

логия ғылымдарының кандидаты, профессор Айсұлу Садықова және қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының аға оқытушысы Жұмазия Махимова төрелік етті. Қ а з ы л а р а л қ а с ы н ы ң

шешіміменен III орынды поэзия номинациясы бойынша Аманжан Сағынғалиев, проза номинациясын Мөлдір Елеуова, арнау бойынша Нұртай Найшев марапатталды.

II орынды поэзия номинациясы бойынша Бекарыс Закария, проза номинациясын Нұрданбек Ізбасаров, арнау бойынша Рамазан Серікқалиев иемденді.

Поэзия номинациясы бойынша

Әлихан Ералыұлы, проза номинациясын Заманбек Шакиров, арнау бойынша Бақыт Орынбаров I орынға ие болды. Және де сайыстың қатысушыларына алғыс хаттар табысталып, асыл қазынаның бірі кітаптар сыйға берілді.

Екінші мәрте ұйымдастырылып отырған бұл байқауды алдағы уақытта дәстүрлі түрде өткізу жоспарлануда.

## Ақын Есенғали Раушановпен кездесу

**Қазақтың танымал ақыны, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері және халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Есенғали Раушановпен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің студенттерінің «Мен осынау жүрегіммен, жаныммен...» атты кездесу кеші өтті.**

Жиынды университетіміздің проректоры Саламат Идрисов ашты.

Кездесу барысында ақын жастармен әсерлі әңгімелерін баяндап, тәжірибесімен бөлісті.

Студенттеріміздің бірқатары ақының өлеңдерін мәнерлеп оқыса,

бірі ақынның сөзіне жазылған әндерді орындады. Ақын ағасын үлгі тұтатын студенттеріміз жылы лебіздерін білдіріп, өздерінің арнау өлеңдерін оқыды.

Кездесу соңында ақынға университет атынын сыйлықтар ұсынып, алғыс білдірді.



## Облыстық лигадағы жеңіс



Атырау облыстық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы, Атырау облысы білім беру басқармасының ұйымдастыруымен өткен жоғары оқу орындары мен колледж студенттері арасындағы облыстық лигада Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ерлер және қыздар волейбол командасы 1 орынға ие болды.

Команда жетекшілері «Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» кафедрасының аға оқытушылары А. Тампиева, Г. Ақсеріков.

Арайлым НАРЕШОВА,  
медиа-қызмет орталығының маманы



## Спартакиада күнделігінен



Университетімізде студенттер арасында дәстүрлі факультет аралық спартакиада өтуде. Тұңғыш Президент күніне арналған сайыста студенттер мини-футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ, арқан тарту, армрестлинг сынды спорт түрлерінен бақ сынады. Әр факультеттен ұлдар және қыздар командалары құрылды.

Қазақстан Республикасының әнұранымен басталған спартакиаданың салтанатты ашылуында университетіміздің ректоры Абзал Талтенов спартакиаданың

Спартакиаданың ашылу күнінде волейболдан жарыстың финалы өтті. Осы ойынның нәтижесінде 3 орынды Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдар факультеті, 2 орынды Инновациялық білім беру факультеті, ал, 1 орынды Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің студенттері жеңіп алды.

Мини-футболдың қорынындысы бойынша ұлдар арасына 3 орынға Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, 2 орынға Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдар факультеті, 1 орынға



ашылуымен студенттерді құттықтап, белсенді спортпен айналысуға және салауатты өмір салтын ұстануға шақырып, жеңіс тіледі. Сондай-ақ дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі Алпысбай Аралбаев құттықтау сөзін сөйлеп, сайысқа қатысушыларды спартакиада бағдарламасымен таныстырды.

Инновациялық білім беру факультетінің студенттері ие болды.

Қыздар арасында 3 орынды Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдар факультеті, 2 орынды Инновациялық білім беру факультеті, 1 орынды Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің студенттері иеленді.

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті



Қазақстан Республикасы  
Атырау қаласы  
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:  
Г. Қайырғалиева - редактор, 27-63-29  
В. Шигаев - дизайнер-бет құрушы  
Қ. Данияров - фотограф  
А. Нарешова - хатшы  
Журналистер:  
С. Аронов, М. Такежанова, А. Сәлімгерейқызы.  
Электрондық пошта - media@asu.edu.kz

Авторлар жарияланымдарындағы пікірлер редакция көзқарасы еместігін ескертеміз

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, №2659 күзлік берілген 04.02.2002 ж. Газеттің жылына 10 нөмірі шығады.

Газет «Ақ жайық» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #268 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Жарбосынов көшесі, 5 үй  
Тираж 5000 дана